

**Жауапкершілігі шектеулі
серіктестік**
«АлтынLand»
БСН 230740032634
090010, Орал қаласы, Деркөл а.,
Жаяу Муса көшесі, 2 үй
Телефон 8701 386 81 55

**Товарищество с ограниченной
ответственностью**
«АлтынLand»
БИН 230740032634
090010, город Уральск,
п.Деркул, ул. Жаяу Муса, д.2
Телефон 8701 386 81 55

Бұйрық № 5

04.09.2026 ж.

«2025-2026 оқу жылына “АлтынLand” жеке бөбекжайында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар 01.03.2023 ж. №56) «Білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» талаптарды басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бөбекжайда 2026–2027 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің қызметі осы бұйрыққа қосымшада көрсетілген бекітілген құрамға сәйкес ұйымдастырылсын.
2. Қамқоршылық кеңестің қызметі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге және Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың белгіленген қағидаларына сәйкес жүзеге асырылсын.
3. Қамқоршылық кеңестің отырыстарына қажет болған жағдайда бөбекжай меңгерушісі немесе оны алмастыратын жауапты тұлға қатысып, кеңес жұмысына қажетті ақпараттар мен мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.
4. Бөбекжай қызметкерлері Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелерді қарау барысында қажетті мәліметтер мен құжаттарды уақтылы ұсынуды қамтамасыз етсін.
5. Қамқоршылық кеңестің қызметінде ашықтық, жариялылық және өзара ынтымақтастық қағидадары сақталсын. Қажет болған жағдайда қайырымдылық және өзге де қолдау қаражатының пайдаланылуы туралы ақпарат белгіленген тәртіппен ұсынылсын.
6. Қамқоршылық кеңестің жұмысы 2026–2027 оқу жылына бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырылсын, өткізілген отырыстардың хаттамалары тиісті тәртіппен рәсімделіп, құжаттары жинақталсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөбекжай меңгерушісіне жүктелсін.



“АлтынLand” бөбекжайы меңгерушісі:

А.А. Мусаева

**«АлтынLand» ЖШС “ АлтынLand ” бөбекжайы
Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамы**

№	Аты-жөні	Атқаратын қызметі	Кеңестегі лауазымы
1.	Бакатова Молдир Ерсайновна	Жеке кәсіпкер	Кеңес төрайымы
2.	Халелқызы Мөлдір	№48 ЖОББМ мұғалім	Кеңес мүшесі
3.	Хабибуллина Назым Төлепкалиевна	әдіскер	Кеңес мүшесі
4.	Мендыгазиева Эльмира Куспановна	Жеке кәсіпкер	Кеңес мүшесі
5.	Есказиева Айнур Есенжановна	әдіскер	Кеңес мүшесі
6.	Турегалиева Жулдыз Ерлановна	№ 48 ЖОББМ мұғалім	Кеңес мүшесі
7.	Салимгереева Акмарал Бисеновна	Үй шаруасында	Кеңес мүшесі

Хатшы: Исаева Д.Т.



«АлтынLand» ЖШС “АлтынLand” бөбекжайы
менгерушісі А.А.Мусаева

« 28 » тамыз 2026 ж.

**Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің
2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары
«АлтынLand» жеке бөбекжайы**

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	1.Ұйымдастыру жұмысы		
1.1	Қамқоршылық кеңестің №1 жалпы жиналысы 1. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355-бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56-бұйрығымен бекітілген, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібімен танысу. Қамқоршылық кеңестің алдыңғы оқу жылы үшін есебі. 2. Қамқоршылық кеңестің құрамын қалыптастыру және міндеттерін айқындау. 3. Қамқоршылық кеңестің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. 4. Балабақша қызметін қолдауға бағытталған ерікті көмекті пайдалану тәртібі мен басым бағыттарын айқындау. 5. «АлтынLand» жеке бөбекжайының қысқы кезеңге дайындығын қарастыру.	Қазан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
	Қамқоршылық кеңестің №2 жалпы жиналысы 1. «АлтынLand» жеке бөбекжайының 2025–2026 оқу жылына арналған даму бағыттары және жылдық жұмыс жоспарымен танысу, ұсыныстар енгізу. 2. Балаларға арналған жаңа жылдық мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қолдау көрсету. 3. Балалардың сапалы әрі теңгерімді тамақтануын	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.2	ұйымдастыру жағдайларын талқылау. 4. Балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсарту бойынша қажетті бағыттарды анықтау және ұсыныстар әзірлеу.		
1.3	Қамқоршылық кеңестің №3 жалпы жиналысы 1. Наурыз мерекесіне арналған іс-шараларды дайындау, ұйымдастыру және өткізуге атсалысу. 2. Бөбекжай ғимараты мен аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шараларға қатысу. 3. Балалар мен ата-аналардың қатысуымен экологиялық тазалық және табиғатты қорғау бағытындағы ортақ іс-шара ұйымдастыру. 4. Балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында топтардағы кітап бұрыштарын толықтыру және кітап оқу шараларын қолдау.	Наурыз	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
1.4	Қамқоршылық кеңестің №4 жалпы жиналысы 1. «АлтынLand» жеке бөбекжайында жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру мәселелерін қарастыру және келісу. 2. Бөбекжайдың материалдық-техникалық базасын нығайту және балаларға қолайлы, қауіпсіз орта қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізу. 3. Қамқоршылық кеңес тарапынан балабақша жұмысына қатысты анықталған мәселелер бойынша әкімшілікке ұсыныстар беру және олардың орындалуын талқылау. 4. 2025–2026 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңес жұмысының қорытындысын шығару және келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу.	Мамыр	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері